

Бизнес және басқару

<https://doi.org/10.63377/3005-4966.1-2024-16>

ӨОЖ: 33.2964

GTAMP: 06.01.05

Инновациялық экономика құру және әр түрлі секторды дамыту

*¹Жұмақсанова Қ.М., ¹Омарова А.Б.¹Л.Б. Гончаров атындағы Қазақ автомобиль-жол институты, Алматы қ, Қазақстан*Автор-корреспондент email: kmuratovna2019@mail.ru

Мақала келді:
18 қантар 2024
Сараптамадан өтті:
29 ақпан 2024
Қабылданды:
01 наурыз 2024

Түйіндеме

Бұл мақалада Қазақстан Республикасында тәуелсіздік алғаннан кейін жүзеге асырылған экономикалық реформалардың мазмұны мен олардың тиімділігіне баға беріледі. Нарықтық қатынастарға көшудің күрделі жолында ел басынан өткерген қиындықтар, институционалдық қайта құрылымдау процесі мен әлеуметтік-экономикалық мәселелер кешені ғылыми негізде талданған. Автор реформалардың стратегиялық тұрғыдан дұрыс бағытта басталғанын, алайда тактикалық деңгейде көптеген кемшіліктер орын алғанын атап өтеді. Бұл кемшіліктер реформалардың бірыңғай, жүйелі және ұзақмерзімді жоспарлар негізінде жүргізілмей, «жыртықты жамау» сипатында болғанымен байланыстырылады. Мақалада Жаңа экономикалық саясаттың (ЖЭС) қабылдануы, индустриялық-инновациялық стратегия, кластерлік даму жолдары мен ұлттық инновациялық жүйе құру бастамалары аясында нақты әдістер мен шаралар сипатталады. Әсіресе, шағын және орта бизнесті қолдаудың маңыздылығы, қаржы секторының ашықтығын арттыру, зейнетақы жүйесін жаңғырту сияқты бағыттар баса көрсетіледі. Сонымен қатар, саяси реформалармен сабақтастық мәселесі де қозғалып, саяси партиялар жүйесінің әлсіздігі экономикалық реформалардың тиімділігіне әсер ететіні айтылған. Мақала қорытындысында автор Қазақстанның болашақ дамуы үшін стратегиялық көзқарас пен халықтың кең әлеуметтік топтарын қамтитын тиімді экономикалық модель қалыптастыру қажеттігін атап өтеді. Бұл зерттеу экономистерге, саясаткерлерге, мемлекеттік басқару саласындағы мамандарға және әлеуметтік ғылымдар зерттеушілеріне арналған.

Түйін сөздер: монография, халық шаруашылығының күрделі ірі кешені, көлік желісі, Инфрақұрылым, нормативтік құқықтық актілер, экономика, көмірсутек шикізатын өндіру.

Жұмақсанова Қ.М.**Авторлар туралы ақпарат:**

Экономика ғылымдарының кандидаты, "Экономика" кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Л.Б. Гончаров атындағы Қазақ автомобиль-жол институты, Алматы қ, Қазақстан, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-8696-5027>, E-mail: kmuratovna2019@mail.ru

Омарова А.Б.

Экономика ғылымдарының магистрі, "Экономика" кафедрасының аға оқытушысы, Л.Б. Гончаров атындағы Қазақ автомобиль-жол институты, Алматы қ, Қазақстан, ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0005-3937-6982>, E-mail: aiman_1101@mail.ru

Business and Management

<https://doi.org/10.63377/3005-4966.1-2024-16>

UDC: 33.2964

IRSTI: 06.01.05

Creation of an innovative economy and development of various sectors

***¹Zhumaksanova K.M., ¹Omarova A.B.**

¹Kazakh Automobile and Road Institute named after L.B. Goncharov, Almaty, Republic of Kazakhstan

*Corresponding author email: kmuratovna2019@mail.ru

Received:
18 January 2024
Peer-reviewed:
29 February 2024
Accepted:
01 March 2024

Abstract

This article will assess the content and effectiveness of the economic reforms implemented after independence in the Republic of Kazakhstan. The difficulties faced by the country on the difficult path of transition to market relations, the process of institutional restructuring and a complex of socio-economic problems are analyzed on a scientific basis. The author notes that the reforms began in the right direction from a strategic point of view, but at the tactical level there were many shortcomings. These shortcomings are due to the fact that the reforms are not carried out on the basis of unified, systematic and long-term plans, but are "patching the gap". The article describes specific methods and measures within the framework of the adoption of a new economic policy (TPP), an industrial and innovative strategy, cluster development paths and initiatives to create a national innovation system. In particular, such areas as the importance of supporting small and medium-sized businesses, increasing the transparency of the financial sector, and modernizing the pension system are emphasized. In addition, the issue of continuity with political reforms is also touched upon, and it is noted that the weakness of the system of political parties affects the effectiveness of economic reforms. In conclusion of the article, the author emphasizes the need to form a strategic vision for the future development of Kazakhstan and an effective economic model covering a wide range of social strata of the population. This study is intended for economists, politicians, public administration professionals, and social science researchers.

Keywords: monograph, a complex large complex of the national economy, transport network, infrastructure, regulatory legal acts, economics, extraction of hydrocarbon raw materials.

Zhumaksanova K.M.

Information about authors:

Candidate of Economic Sciences, Associate Professor of the Department of Economics, Kazakh Automobile and Road Institute named after L.B. Goncharov, Almaty, Kazakhstan. ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-8696-5027>. E-mail: kmuratovna2019@mail.ru

Omarova A.B.

Master of Economics, Senior Lecturer of the Department of Economics, Kazakh Automobile and Road Institute named after L. B. Goncharov, Almaty, Kazakhstan. ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0005-3937-6982>. E-mail: aiman_1101@mail.ru

Бизнес и управление

<https://doi.org/10.63377/3005-4966.1-2024-16>

УДК: 33.2964

МРНТИ: 06.01.05

Создание инновационной экономики и развитие различных секторов

*¹Жұмақсанова Қ.М., ¹Омарова А.Б.¹Казахский автомобильно-дорожный институт имени Л.Б. Гончарова, г. Алматы, Казахстан*Автор-корреспондент email: kmuratovna2019@mail.ru

Поступила:
18 января 2024
Рецензирование:
29 февраля 2024
Принята в печать:
01 марта 2024

Аннотация

В данной статье дается оценка содержания и эффективности экономических реформ, осуществленных после обретения независимости в Республике Казахстан. На научной основе проанализированы сложности, с которыми столкнулась страна на сложном пути перехода к рыночным отношениям, процесс институциональной реструктуризации и комплекс социально-экономических проблем. Автор отмечает, что реформы начались в стратегически правильном направлении, однако на тактическом уровне произошло много недостатков. Эти недостатки связаны с тем, что реформы носят «рванный характер», а не проводятся на основе единых, системных и долгосрочных планов. В статье описываются конкретные методы и меры в рамках принятия новой экономической политики (ВЭС), индустриально-инновационной стратегии, путей кластерного развития и инициатив по созданию национальной инновационной системы. Особенно подчеркиваются такие направления, как важность поддержки малого и среднего бизнеса, повышение прозрачности финансового сектора, модернизация пенсионной системы. Кроме того, затрагивается вопрос преемственности с политическими реформами, отмечается, что слабость системы политических партий влияет на эффективность экономических реформ. В заключении статьи автор подчеркивает необходимость формирования стратегического видения будущего развития Казахстана и эффективной экономической модели, охватывающей широкие социальные слои населения. Это исследование предназначено для экономистов, политиков, специалистов в области государственного управления и исследователей социальных наук.

Ключевые слова: монография, сложный крупный комплекс народного хозяйства, транспортная сеть, инфраструктура, нормативные правовые акты, экономика, добыча углеводородного сырья.

Жұмақсанова Қ.М.**Информация об авторах:**

Кандидат экономических наук, ассоциированный профессор кафедры "Экономика", Казахский автомобильно-дорожный институт им. Л. Б. Гончарова, г. Алматы, Казахстан, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-8696-5027>, E-mail: kmuratovna2019@mail.ru

Омарова А.Б.

Магистр экономических наук, старший преподаватель кафедры "Экономика", Казахский автомобильно-дорожный институт им. Л. Б. Гончарова, г. Алматы, Казахстан, ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0005-3937-6982>, E-mail: aiman_1101@mail.ru

Кіріспе

Бүгінгі таңда Қазақстан күрделі экономикалық және саяси міндеттерді табысты шешуде басқа елдерге үлгі боларлық деңгейге көтерілді. Қазақстанның бәсекеге қабілетті елдердің көшбасшылығына ұмтылуы – заңды құбылыс. Өйткені еліміздің экономикалық әлеуеті, қоғамдағы саяси тұрақтылық пен демократияның дамуы бұған мүмкіндік беріп отыр.

XXI ғасыр – білімнің, ақпараттың және жаңа технологиялардың өркендеу ғасыры. Білім мен ғылымның бәсекеге қабілеттілігі бүгінде көптеген мемлекеттер үшін өзекті мәселе болып отыр. Озық ғылыми-техникалық инфрақұрылымсыз және кәсіби шеберлігі жоғары білімді кадрларсыз жаһандану талаптарына сай даму мүмкін емес. Осы мақсатта отандық ғылым мен білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндет – білім мен ғылымды халықаралық деңгейге көтеру.

Экономикамыздың жаңа даму кезеңіне өту процесі халық шаруашылығының нақты секторын, әсіресе, оның басты саласы болып табылатын индустрияны қайта құру мен дамытуда маңызды әрі сапалы өзгерістер енгізумен басталды. Бұл кезеңде индустриялық өнімдер өндірісінің артуы сала құрылымындағы жағымды өзгерістермен байланысты болды. Дәлірек айтқанда, мұнай, газ, қара және түсті металлургия, азық-түлік және тоқыма индустриясы өнімдерін өндіру мен өңдеу салаларының салмақ үлесі айтарлықтай артты.

Индустриялық-инновациялық даму – Қазақстанды қазіргі дағдарыс кезеңінен мейлінше аз шығынмен алып шығатын жол. Біз жаңа технологияларды игеріп, инновациялық өсуді қолдаған жағдайда ғана дағдарыстың зардаптарынан тезірек арылуға болады. Индустриялық өндірістің тұрақты өсу үрдістерін нығайту және оның құрылымдық өзгерістерін жетілдіру үшін отандық индустрияны дамыту мәселелерін кешенді түрде шешуді көздейтін, 2025 жылға дейінгі мерзімге арналған жаңа мемлекеттік индустриялық-инновациялық саясатты қабылдау және жүзеге асыру қажет.

Өйткені мұндай саясат индустрияға кешенді сипат бере отырып, саланың даму деңгейі мен қазіргі жағдайын нақтылауға, сондай-ақ оны жүзеге асыру барысында туындауы мүмкін қателіктер мен кемшіліктердің алдын алуға мүмкіндік береді.

Халықтың әл-ауқатының артуы мен ұлттық экономиканың тиімділігі көп жағдайда инновациялық үрдістердің даму деңгейімен айқындалады. Осы мақсатта қабылданған Қазақстан Республикасының 2020–2025 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму стратегиясының жүзеге асырылуы – тәуелсіз Қазақстанның кемел келешекке ұмтылғандығының айғағы. Қазақстан индустриясы – халық шаруашылығының индустриялану деңгейін, егемен ел экономикасының нақтылығы мен болашағын, сондай-ақ қазіргі әлемдік экономикадағы орнын айқындайтын негізгі фактор болып табылады.

Әдістер

Қазақстанның инновациялық экономикасын дамытуда төмендегідей нақты әдістер қолданылды:

Кешенді стратегиялық жоспарлау әдісі. Экономикалық даму процестерін басқару үшін орта және ұзақ мерзімді стратегиялық құжаттар (мысалы, индустриялық-инновациялық даму стратегиясы) негізінде жүйелі жоспарлау жүргізілді. Бұл әдіс мемлекеттік саясаттың бірізділігін және мақсаттылығын қамтамасыз етті.

Кластерлік даму әдісі. Экономиканың басым салаларында (туризм, мұнай-газ, металлургия, тоқыма өнеркәсібі, логистика) кластерлер қалыптастыру арқылы аймақтық және салалық бәсекеге қабілеттілік арттырылды. Бұл әдіс қосылған құн тізбегін құру мен салалық кооперацияны нығайтуға бағытталған.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік әдісі (МЖӘ). Мемлекет пен жеке сектор арасындағы ынтымақтастықты дамыту арқылы инфрақұрылым, технология, инвестиция салала-

рындағы жобалар іске асырылды. Бұл әдіс инвестициялық тәуекелдерді бөлісу мен ресурс тиімділігін арттыруды көздейді.

Шағын және орта бизнесті қолдау әдісі. Арнайы қаржы құралдары (жеңілдетілген несиелер, кепілдік беру, сақтандыру) арқылы кәсіпкерлік субъектілерінің қолжетімділігін кеңейту жүзеге асырылды. Сонымен қатар, «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» арқылы қаржылық ресурстарды тиімді үлестіру жолға қойылды.

Ұлттық инновациялық жүйе құру әдісі. Зияткерлік меншікті дамыту, ғылыми зерттеулерді қаржыландыру және инновациялық жобаларды қолдау арқылы жаңа технологияларды енгізуге жағдай жасалды. Бұл жүйе мемлекеттік даму институттарын капиталдандыру арқылы қолдау тапты.

Қаржы нарығын реформалау әдісі. Зейнетақы жүйесін жаңғырту, құнды қағаздар нарығын дамыту, банктердің ашықтығын қамтамасыз ету арқылы қаржы секторын тұрақтандыруға бағытталған шаралар қолданылды.

Мониторинг пен бағалау әдісі. Экономикалық реформалар мен саясаттардың тиімділігін бағалау үшін үнемі мониторинг жүргізу, талдау жасау және қажет болған жағдайда түзетулер енгізу әдісі қолданылады. Бұл шешім қабылдаудағы дәлдікті арттырады.

Нәтижелер

Экономикалық реформа қоғамдық жарасымдылық, өткен кездің оң жетістіктері мен тенденцияларын сақтау, мемлекеттің қауіпсіздігі және халықтың барлық топтарының құқықтары мен оның ерекшеліктерін қамтамасыз ету принциптеріне негізделген түбегейлі шаралардың біртұтас жүйесін қажет ететіні айқын болды. Қазақстан Республикасының Президенті жүргізіп жатқан экономикалық реформалар бағыты стратегиялық тұрғыдан, жалпы алғанда дұрыс.

Бірақ Қазақстандағы экономикалық реформалардың жайына жасалған талдау және олардың барысы тактикалық тұрғыдан алғанда, Үкімет пайдаланып отырған әдістердің, нарықтық қатынастарға көшудің модельдері мен кезеңдерінің тиімсіз екенін дәлелдейді. Реформаларды жүзеге асыру барысында елеулі қателіктерге жол берілді. Әлеуметтік-экономикалық міндеттерді «жыртықты жамау» әдісімен шешуден бас тартатын мезгіл жетті, тактикалық міндеттерді әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асыру стратегиясына сәйкестендіре шыңдап қолға алу мақсатымен жүйелі жұмыс бастайтын уақыт келді. Қазақстан Республикасын өз ерекшеліктеріне, ұлттың менталитетіне сай, дүниежүзілік тәжірибені ескере отырып әлеуметтік-экономикалық дамыту моделін жасайтын және іске асыратын мезгіл жетті.

Ел экономикасы ХХІ ғасыр шебінде тұр. Мәселе – ХХІ ғасырдың табалдырығынан қандай нарықтық жетістікпен, қандай дайындықпен аттағалы отырғанымызда. Соның негізінде отандық тауар өндірушілерге мемлекеттік қолдау көрсету басты мақсаты болып табылатын жаңа экономикалық саясаттың (ЖЭС) концепциялық негізі әзірленді. Экономикалық реформаның түрлі салалары, жолдары осы ЖЭС концепциясымен негізделуге, онымен байланыстырылуға тиіс. Нарықтық экономиканы басқаруды реформалау жөніндегі жаңа тәсілдер, Қазақстан Республикасының экономикасын дағдарыстан шығарудың әдістері мен жолдары ұсынылған.

Шағын және орта бизнес экономиканы тұрақтандырудың аса маңызды факторы болып табылады. Осыған байланысты шағын және орта бизнеске мемлекеттік қолдау көрсету бағдарламасын, кәсіпкерлікті дамытудың отандық және шетелдік озық тәжірибесін ұсынған. Шағын және орта бизнес саласында сондай тауар өндірушілер тобын қалыптастыру міндеті қойылған, ал олар дамыған елдерде жалпы ұлттық өнімнің жартысынан астамын өндіретіні тілге тиек етілген.

Экономиканы түпкілікті реформалауға бағыт ұстап, біз қысқа мерзімнің ішінде нарықтық реформаларды жүргізе білдік, тиісті заңнамамызды жасауға қол жеткіздік. Бүгінгі таңда Қазақстанда нақтылы жұмыс істеп тұрған нарықтық экономика бар.

Қазақстан өз азаматтары үшін өмір сүрудің жоғары стандарттарын жасай отырып, әлемнің тиімді дамып келе жатқан елдерінің қатарына қосылуға тиіс. Біз мұны ұлтымыз бен экономикамыз бәсекеге қабілетті болған жағдайда ғана істей аламыз.

Біз экономиканы диверсификациялауға бағытталған Индустриялық-инновациялық стратегияны іске асыра бастадық. Бұл – болашақтың бағдарламасы. Біз бәсекеге қабілетті экономиканың үлгісін таңдай отырып, бәсекелестікке қарымы мол басым салаларды дамытуға кірістік, сол арқылы қазақстандық кластерлер жүйесінің дамуына жол аштық.

Биылғы жылдың ортасына қарай біздің қолымызда нарықтың туризм, мұнай-газ машиналарын жасау, тамақ және тоқыма өнеркәсібі, көлік-логистикалық қызмет көрсету, металлургия және құрылыс материалдары сияқты салаларда кемінде 5–7 кластерін жасау мен дамытудың жоспары болуы керек деп санаймын. Ел экономикасының шикізаттық емес салалардағы ұзақ мерзімдік мамандануын, міне, солар айқындайтын болады.

Біз өзімізді жаңа технологиялар мен жаңа экономика әлеміне енгізген экономикалық дамуды басқарудың түбегейлі жаңа жүйесі – Ұлттық инновациялық жүйе жасауды қолға алдық. Индустриялық-инновациялық дамудың инфрақұрылымы қазірдің өзінде қалыптасты. Мемлекеттік даму институттарын капиталдандыру жыл басында 730 млн АҚШ долларын құраса, инвестициялық жобалар портфелі 1 млрд 200 млн АҚШ долларынан асып отыр.

Біздің стратегиялық міндетіміз – бәсекеге қабілетті елдердің қатарынан лайықты орын алу. Сондықтан да мемлекет пен жеке меншік сектор өзара сенім мен тиімділікке негізделген әріптестік қатынастарын жолға қоюы керек.

Қаржы секторын одан әрі дамыту үшін қазір құнды қағаздар нарығын дамыту мен 2020–2025 жылдары жинақтау зейнетақы жүйесін дамыту бағдарламалары қабылданды.

Банктердің қызметі ашықтықтың айтулы өнегесі болуға тиіс. Ең алдымен, мұның меншік құрылымы мен аффилирленген тұлғалар туралы мәліметтерге қатысы бар. Банк қабылдайтын шешімдерге елеулі ықпалы бар барлық тұлғалар уәкілетті органның келісімін ала отырып, өздерінің мәртебесін нақтылай түсулері керек. Банктердің инвестициялық қызметіне қойылатын талаптарды топтасу негізінде ретке келтіру қажет. Аффилирленген тұлғалармен жасалатын мәмілелер банктерді тәуекелге барғызбауы шарт. Қаржылық қадағалау агенттігінің бұл жұмысты батыл жүргізуі міндет.

Жапония, Германия, Бельгия, Италия сияқты елдерде шағын және орта бизнес олардың барлық кәсіпорындары санының 90 пайыздан астамын құрайды, көптеген дамыған елдерде олар жалпы ішкі өнімнің 50 пайыздан астамын береді.

Сондықтан да біздің шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың түбірінен жаңа идеологиясын түзуіміз қажет. Біз кәсіпкерлік ортаның бастамашылығын іске асыру үшін қолайлы жағдай туғызуымыз керек.

Әрбір іскер қазақстандық осы ортаға кірігіп, инновациялық экономикадағы өз орнын табуға тиіс.

Қазақстандықтардың бастамашылығына кең өріс ашу үшін жағдай жасалды, кәсіпкерлер ендігі жерде осы мүмкіндіктерді пайдалана білсе игі. Ендігі жерде жаңа идеологияға сәйкес заңнаманы сапалық жағынан жақсарту міндет.

Қысқасы, сөзден іске көшетін, мемлекеттік кәсіпорындар мен мегахолдингтердің, ең алдымен ірі мемлекеттік компаниялар мен монополиялардың өздеріне үйлеспейтін міндеттерін шағын және орта бизнеске беру жөніндегі жұмысты тындыратын сәт туды. Сол арқылы біз бизнеске тың тыныс ашамыз.

Бұл ретте бірқатар стратегиялық маңызды мемлекеттік компаниялар акцияларының пакеттерін басқаруды арнайы құрылатын мемлекеттік холдинг компаниясына беру қажет. Әлбетте бұл шараларға қарсыласу да, сөзбұйдаға салу да болмай қоймайды. Бірақ Үкіметтің батылдық танытып, бұл іске мықтап кірісетін кезі келді.

Келесі бір мәселе туралы. Даму банкі мен Инвестициялық қорға барлық кәсіпкерлердің қолы жете бермейді. Сондықтан «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» өзіндік бір «үлкен қаржылық маркетке» айналуға тиіс. Біз қорға биылғы жылы республикалық бюджеттен қосымша 10 млрд теңге бөлеміз, сонда шағын бизнес субъектілерін кредиттеу мүмкіндігі 25 млрд теңгеге дейін өседі. Биылдан бастап, банк кредиттеріне кепілдік беру мен сақтандыруды жүзеге асыруды қолға алу керек. Мұның өзі қомақты мемлекеттік қолдау болмақ.

Экономиканың барлық субъектілерінің түгелдей дерлік тұрақсыз болып, беріктігі қалыптаспаған жағдайда біздің еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын белгілі бір дәрежеде анықтап, болжам жасау өте күрделі іс. Тіпті негізделіп жасалған болжамның өзін күтпеген жағдайда жоққа шығаратын факторлардың көптігі соншалық, келешекті анық елестетуге мүмкіндік бермейді.

Дегенмен ХХІ ғасырдың қарсаңындағы әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі бағыт-бағдарлары бой көрсете бастады. Мысалы: Қазақстанның жақын жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамы. Саяси жағдай. Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздікке ие болғаннан кейін сындарлы түрде жаңа ахуал қалыптасты. Жаңа мемлекет өзінің ішкі және сыртқы даму жолын анықтауды, байыппен парасаттауды қажетсінеді. Салыстырмалы түсініктегі саяси тұрақтылық, саяси рәміздерді, оның ішінде ең маңызды саяси партиялар жүйесін өркениетті саяси жүйеге (тұрақты) көшіруді талап етеді.

Бұл ретте әртүрлі әлеуметтік және кәсіпқой топ өнімдері өздерінің мүдделерін тек бүгінгі күнмен өлшемей, тереңірек ойлап, болашаққа сәйкес шешудің маңызы зор екенін ұққаны дұрыс. Республикамыздың келешекте дамуы қазіргі жағдайда қандай саяси әрекеттердің, заңдар мен шешімдердің қажет екенін көрсетеді. Қазақстанда жаңадан саяси жүйелердің жаңа негізі пайда болуда. Экономикамызда нарықтық қатынастың негізі қалануда. Мұндай жағдайда саяси партиялардың тез арада пісіп жетілмеуі де сөз жоқ – табиғи нәрсе. Республикада саяси процестердің дамуы үкімет пен халық мүддесін қорғайтын қатаң ынта-лылық принципіне негізделген. Саяси өркениетті өмірдің пайда болып, оның әрі өркендеп дамуы талап етіледі.

Мұндай процестердің негізі – көпшілік әлеуметтік тұрғындар тобының мүддесін толық қорғайтын шынайы, парламенттік партиялардың қалыптасуы, дамуы болуы мүмкін.

Біздегідей ауқымды, кең, терең өзгерістерді жүзеге асыру әрине, маман басшыларсыз мүмкін емес. Негізінде демократия дегеніміз – әлсіз, әсері жоқ, я өкіметсіз өмір емес. Түпкілікті өзгерістерді тек тегеурінді атқарушы өкімет қана жүзеге асыра алады. Әсте, жоғарыдан төмен қарай жалғасқан демократиялық байланыстың қатаң заң бақылауында болуының маңызы зор.

Экономикалық жаңғыру болашақта кәсіпкерлер тобы – «орта тап» құруы мүмкін. Айта кету керек, экономикасы дамыған қай елді алсақ та, тұрғындардың басым көпшілігі тек кәсіпкерлер қатарынан тұрмайды. Олар үшін ірі парламенттік партиялар да ашылмайды. Ал біздің жағдайда меншіктің барлығы дерлік мемлекеттің қарамағында, тұрғындардың басым көпшілігі жалданбалы еңбекпен шұғылданады. Саяси жағдайдың бір ерекше көрінісі – осы басым көпшіліктің саяси партиялар жүйесінде өте аз орын алатындығы. Сол себепті белсенділік күтпеген, арнайы ұйымдастырылмаған жерде пайда болып, партиялар мен бірлестіктер ықпалынан тыс қалып отыр.

Міне, осындай ахуалдың болуы және оның кей кездерде экономикалық қайта құру салдарынан туындап отырған әлеуметтік толғаныстардың кернеуінен өрлеуі саяси тұрақсыздықтың қауіпті ошақтарының бірі болып табылады.

Реформаларды жүргізу бағытын ұстана отырып, жоғарыдағы қайшылықтар мәмілеге, келісімге келу арқылы бейберекеттік сипатта шешілмей, көпшілік еңбекшіл тұрғындардың, әртекті әлеуметтік топтардың, әсіресе жалдамалы жұртшылықтың мүддесін көздейтін беделді саяси партиялар мен ағымдардың араласуы, ықпалы арқылы шешілуі тиіс.

Экономикасы дамыған елдердің іс-тәжірибесі көрсеткендей, тек осы бағытпен, яғни еңбек пен капиталдың «шиеленіскен одақтастық» позицияларында тұрған, кәсіподақтармен

байланыстағы партияның белгілі бір әлеуметтік буындардың мүддесін қорғауы саяси тұрақтылықты сақтай отырып, жеңіске жетеді.

Талқылау

Қазақстан Республикасындағы экономикалық реформалар жүйесі посткеңестік кеңістіктегі ең ауқымды және құрылымдық өзгерістердің бірі болып табылады. Жоғарыда талданғандай, реформалар стратегиялық тұрғыдан негізді болғанымен, олардың тактикалық жүзеге асырылуында бірқатар жүйелік кемшіліктер орын алды. Бұл – реформалардың тек жекелеген салаларды емес, бүкіл экономиканы кешенді түрде қамтуы қажеттігін көрсетеді.

Мемлекеттік қолдаудың жеткіліксіздігі, реформалардың тиімділігіне кері әсер еткен шешімдер мен салалық үйлесімсіздік, шағын және орта кәсіпкерліктің әлеуетін толық іске асырудағы кедергілер – нақты реформалық жетістіктерге жетудегі басты шектеуші факторлар қатарында. Әлеуметтік әділеттілік пен аймақтық теңгерімді ескермей жүргізілген кейбір реформалар халықтың белгілі бір топтарының наразылығын туғызғаны да жасырын емес.

Дегенмен, Жаңа экономикалық саясаттың (ЖЭС) қабылдануы, индустриялық-инновациялық дамуға бет бұру, кластерлік жүйені қалыптастыру және ұлттық инновациялық инфрақұрылымды жетілдіру сияқты бастамалар экономикалық дамудың жаңа кезеңіне өтуге жол ашты. Бұл саясаттар мемлекеттің экономикалық әртараптандыру бағытын қолдап, шикізаттық емес секторды дамытуға серпін берді.

Қаржы секторындағы реформалар, зейнетақы жүйесінің жаңғыруы, банк қызметіндегі ашықтықты арттыру қадамдары экономикалық тұрақтылықтың институционалдық негізін қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар, кәсіпкерлік ортаны нығайту мен шағын бизнеске жағдай жасау бағытында да оң қадамдар жасалуда.

Саяси тұрақтылық пен реформалардың үйлесімділігі де ерекше мәнге ие. Экономикалық шешімдердің тиімділігі көбіне саяси институттардың кемелдену деңгейіне тікелей байланысты. Қазақстан жағдайында саяси партиялар жүйесінің баяу дамуы, азаматтық қоғам институттарының әлсіздігі реформалардың әлеуметтік тиімділігіне теріс ықпал етіп отыр.

Сондықтан еліміздің экономикалық жаңғыруы тек экономикалық шаралармен шектелмей, саяси жүйенің жетілуімен қатар жүруі тиіс. Бұл бағытта қоғамның түрлі әлеуметтік топтарының мүдделерін қамтитын, тиімді өкілдік пен қатысу тетіктері бар саяси кеңістікті қалыптастыру маңызды.

Қорытынды

Республикамыздағы қоғамдың саяси ахуалдың әзірше тұрақтануы тоқмейілдікке жол бермеуі керек. Жағдайды кешенді түрде талдау, саралау қажет. Қоғамдағы келеңсіз ахуалды туында-татын ахуалдарды болжап, алдын ала сақтандыру, залалсыздандыру керек. Осының бәрімен шұғылданатын тұрақты «мониторингке» ие ірі орталықтың болғаны жөн.

ЕАО қалыптасуының басты принциптерінің бірі — оған болашақ мүше елдердің түрлі жылдамдықпен кіруінде. Өйткені кеңестік кезеңнен кейінгі кеңестік елдерінің ортақ мүдделерінен басқа әрқайсысының алдында тұрған ұлттық-мемлекеттік міндеттері бар еді. Оларды дұрыс шеше алған жағдайда ғана тең құқықты интеграциялық процестердің қарым-қатынасын ориата алады. Қазақстан Республикасының президентінің идеясы мақсат-мүдделік принципінің негізіне құрылған еді. Бұрынғы біртұтас кешенді шаруашылық қатынастарын қажетінше сақтай отырып және нарықтық қатынасты ескерген жаңа бастамамен даму қажеттілігінен туған.

Сонымен қатар осы идея әлемдік тәжірибеден алынды. Мысалы өркенниетті елдерде экономикалық гүлдену меп демократия мақсатында өркендеген елдер бір-бірімен қарым-қатынастарын күшейтіп, соның арқасында әлемдік бірлестік қоғамының тең құқықты және беделді мүшесі болып отыр. Әсіресе Германия, Люксембург (елдерінің қатысуымен) Белгия,

Франция, Голландия, Люксембург елдерінің қатысуымен «Көмір мен болат» бірлестігін құрудан басталған Еуропалық ұйымның тәжірибесінің маңызы зор.

Интеграциялық процестердің даму нәтижесі Еуропалық бірлестікті дүниеге келтірді. Ал қазіргі кезде ол Еуропалық одаққа айналды. Еуропалық одақтың әрекеті құқықтық принципке негізделген.

Ереже мен әрекеттер одақты тұғызатын шарт-келісім және оларды толықтыратын акт негізінде жасалған. Оның заңдары мен бағдарламалары әр алуан сипатта, әр деңгейде жүргізілген кеңесулердің нақты нәтижесі.

Мүдделер қақтығысы. Корреспондент автор мүдделер қақтығысы жоқ деп мәлімдейді.

Осы мақалаға сілтеме: Жұмаксанова Қ.М., Омарова А.Б. Инновациялық экономика құру және әр түрлі секторды дамыту. Вестник Казахского автомобильно-дорожного института = Bulletin of Kazakh Automobile and Road Institute = Kazakh avtomobil-zhol institutynyn Khabarshysy. 2024; 1(5):163-171. <https://doi.org/10.63377/3005-4966.1-2024-16>

Cite this article as: Zhumaksanova K.M., Omarova A.B. Innovatsionnaya ekonomika kuruy zhane ar turli sektordy damyту [Creating an innovative economy and developing various sectors]. Vestnik Kazhaskogo avtomobil'no-dorozhnogoinstituta= Bulletin of Kazakh Automobile and Road Institute = Kazakh avtomobil-zhol institutynyn Khabarshysy. 2024; 1(5):163-171. (In Rus.). <https://doi.org/10.63377/3005-4966.1-2024-16>

Литература

- [1] Послание Президента РК от 1 сентября 2023 года. <https://iqaa.kz/item/1111618-poslanie-prezidenta-rk-ot-1-sentyabrya-2023-goda> (дата обращения: 12.01.2024).
- [2] Казахстан Республикасының көлік-логистикалық әлеуетін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 1116 қаулысы). <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P050000075> (дата обращения: 12.01.2024).
- [3] Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001050> (дата обращения: 12.01.2024).
- [4] Өтепберген К.Е., Джулаева А.М., Жакупбекова Г.Е. Қазақстан Республикасының инновациялық даму мәселелері. <https://stud.kz/referat/show/show/15059> (дата обращения: 12.01.2024).

References

- [1] Poslanie Prezidenta RK ot 1 sentyabrya 2023 goda [Address of the President of the Republic of Kazakhstan dated September 1, 2023]. <https://iqaa.kz/item/1111618-poslanie-prezidenta-rk-ot-1-sentyabrya-2023-goda> (accessed 12.01.2024). (in Russ.)
- [2] *Ob utverzhdenii kontseptsii razvitiya transportno-logisticheskogo potentsiala Respubliki Kazakhstan do 2030 goda* [On approval of the concept of development of the transport and logistics potential of the Republic of Kazakhstan until 2030]. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P050000075> (accessed 12.01.2024). (in Russ.)
- [3] *Ob utverzhdenii gosudarstvennoy programmy industrial'no-innovatsionnogo razvitiya Respubliki Kazakhstan na 2020–2025 gody* [On approval of the state program of industrial and innovative development of the Republic of Kazakhstan for 2020–2025]. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001050> (accessed 12.01.2024). (in Kaz.)
- [4] Otepbergen KE, Dzhulaeva AM, Zhakupbekova GE. Voprosy innovatsionnogo razvitiya Respubliki Kazakhstan [Issues of innovative development of the Republic of Kazakhstan]. <https://stud.kz/referat/show/show/15059> (accessed 12.01.2024). (in Russ.)